

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2 «Ә» сыныбында 2023-2024 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық есебі

Оқу жылының басында Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсатына сай ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының жоспары жасалды. Жылдық жоспардың мақсатында оқушы бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дамыту көзделді.

Оқу жылы ішінде Ар-ұят, ұлттық мүдде, талап құндылықтары қамтылған сынып сағаттары өткізілді. Тәрбие жоспарына сыныптан тыс іс-шаралар енгізілді. Білім күніне арналған «Мектеп-мейірім мекені», А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Тіл тазалығы», Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай сынып сағаттары өтті. Сыныптан тыс іс-шаралар барысы сыныптың инстапарақшасына жарияланды.

Ұлттық, кәсіптік мерекелерге орай сынып сағаттары жоспарға сай жүргізілді. Халқымыздың атақты ақын, жазушылары, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің туған күндері аталып, оқушыларға ұлы тұлғалардың өмірі, шығармашылығы таныстырылды. Бұл сағаттарда оқушылар өз бетінше ізденіп, ақпараттар жинақтап, таныстырылымдар жасады.

Жылдық жұмыс барысында «Мақал-сөздің мәйегі, Жұмбақ-ойдың азығы» атты танымдық-ойын, Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы бойынша «Адалдық адамдықтың белгісі», Ата-аналар мектебі жобасы бойынша «Атадан өсиет, Анадан қасиет» тақырыптарында ауқымды шаралар өткізіліп, оқушы бойында болашаққа оң көзқараспен бағытталуға ықпал жасалды.

Оқу жылы барысында ата-аналармен тығыз байланыс жүрді. «Ізгіліктің бір ізі алғыс айту», «Отбасылық таланттар», «Оқырмандар отбасы» тақырыптарында «Мектеп, ата-ана, бала» үштігінің ынтымақтастығын нығайтуға бағдарланған шаралар жоспарға сай өтті. Сонымен қатар Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күндеріне байланысты сынып сағаттарында үлкенге ізет көрсету, сыйластық, татулық, ар-ұят, еңбекқорлық қасиеттер насихатталды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсатына сәйкес жүргізілген жұмыстар күтілген нәтижеге жетті.

Сынып жетекшісі:



А.Н.Жанина